

"Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1031 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 25, 260-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мүлік осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде беріледі. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі (бұдан әрі – тізімдеу актісі) онда көрсетілген тараптардың саны бойынша жасалады.

Тізімдеу актісі бірдей және (немесе) біртекті мүлік бойынша мәліметтерді қамтиды, мүліктің атауы, сандық және сапалық көрсеткіштері, сондай-ақ өлшем бірлігі көрсетіледі.

Бірдей мүлікке өздеріне тән негізгі белгілері: физикалық сипаттамалары бірдей мүлік жатады.

Егер қалған жағынан бұл мүлік осы тармақтың талаптарына сәйкес келсе, сыртқы түріндегі болмашы алшақтықтар мүлікті бірдей деп танымауға негіз болып табылмайды.

Біртекті мүлікке сипаттамалары бірдей болмаса да, ұқсас немесе бірдей функцияларды орындауға және өзара алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын мүлік жатады.

Бірдей немесе біртекті мүлікке мынадай мүлік жатқызылмайды: жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, арнайы техника.

Бір тізімдеу актісінде қамтылатын берілетін мүліктің атауы бесеуден аспайды."; мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Сот орындаушыларынан немесе мүлікті алып қойған (беретін) органдардан (тұлғалардан) мүлікті есепке алуды уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар оны нақты қайта есептеу (қайта өлшеу) қорытындылары бойынша жүзеге асырады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тізімдеу актісі есепке алу кітабына енгізілгеннен кейін мемлекеттік мүлік тізілімінде әр жазбаға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша түгендеу карточкасы ашылады.

Түгендеу карточкасының тақырыбы мүліктің кімге берілгені, мүлікті беру күні туралы мәліметтерді қамтиды. Мүлікті сатқан кезде түгендеу карточкасында бюджетпен есеп айырысу мерзімдері, төлем құжатының (құжаттарының) нөмірі мен күні көрсетіледі.

Мүлік бір тізімдеу актісі бойынша бірнеше ұйымға берілген жағдайда, түгендеу карточкалары әр ұйымға жеке ашылады.

Түгендеу карточкасының нөмірі тізімдеу актісінің нөмірінен (мүлік бірнеше ұйымға берілген жағдайда, реттік нөмірден) бөлшек белгісі арқылы бүтін цифрларды қосу жолымен қалыптастырылады.";

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мүлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.";

25-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, оларға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдар білмей келіп түскен сыйлықтар, олар өздерінің лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған сыйлықтар, не лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты жоғарыда көрсетілген адамдарға жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде берілген (тапсырылған) сыйлықтар, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің отбасы мүшелері мемлекеттік қызметші қызмет бабында байланысты болатын шетелдік, сол сияқты Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан алған сыйлықтар уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға сыйлық алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламамен қоса, тізімдеу актісі бойынша тапсырылады.";

26-2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тапсырылған сыйлықты беру "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған, сатып алу-сату шартында көрсетілген сыйлықтың құнын толық төлегеннен кейін, уәкілетті орган мен сыйлықты тапсырған адам арасында қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы жүргізіледі.";

29-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүлікті өтеусіз алуға өтінімдерді уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган қарайды. Мүлікті алуға ниетті бірнеше өтінім беруші болған кезде өз өтінімдерін бұрын берген тұлғаларға басымдық беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1031 қаулысына
қосымша
Жекелеген негіздер бойынша
мемлекет меншігіне
айналдырылған
(түскен) мүлікті есепке алу,
сақтау, бағалау және одан әрі
пайдалану қағидаларына
1-қосымша
нысан

Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі

20__ жылғы "___" _____ (жасалған күні)	_____ (акт жасалған жер)
---	-----------------------------

Мына құрамдағы комиссия:

Уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган)

(уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ өкілі

(жауапты жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ сот орындаушысы

(әділет органының атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ өкілі

(мүлікті беретін тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мүлікті алып қойған (беретін) органның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ (жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ өкілі

(мүлік уақытша жауапты сақтауындағы ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ (жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ өкілі

(мүлікті қабылдаушы ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ (жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ бағалаушысы

(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, лицензияның күні және нөмірі)

_____ (мүлікті бағалауды жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, лицензияның күні және нөмірі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының негізінде иеленуші

(мүліктің бұрынғы иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі) тиесілі, төмендегі мүлікті:

(соттың атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, сот шешімінің нөмірі, күні) сот актілерінің негізінде тіркелген (оның ішінде заттай дәлелдемелер)

_____ немесе иесіз деп таныған
(соттың атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, сот шешімінің нөмірі, күні)

(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі) немесе

_____ мемлекет меншігіне өтеусіз өткен мүлікті
(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі), оның ішінде

(мемлекеттік кірістер органының атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, тауарларға арналған кедендік декларацияның күні мен нөмірі) кедендік декларацияға сәйкес "мемлекет пайдасына бас тарту" кедендік рәсімімен орналастырылған

(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, куәлігінің нөмірі, күні) немесе нотариустың куәлігіне сәйкес мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен деп танылған тауарлар мен көлік құралдарын, сыйлықтарды

(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе мүлікті берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі) сондай-ақ құны мемлекет кірісіне түсетін мемлекет меншігі құқығының туындағанын куәландыратын басқа да құжаттардың негізінде өзге де мүлікті тізімдеуді және қабылдауды жүргізді

Мүлікті тізімдеу және бағалау

№	Әрбір зат толық сипатталған мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны		Мүлікті қабылдау кезінде бірлігін алдын ала бағалау, теңге*	Барлық сомасы, теңге
			Есепке қабылдау үшін негіз болып табылатын құжатта көрсетілген	Қайта есептеу (қайта өлшеу) қорытындылары бойынша нақтысы		
1	2	3	4	5	6	7
	Жиыны					

Жиыны (жазумен):

Бюджетке аударуға жататын жиыны

Осы акт _____ данада жасалды. Комиссия мүшелері: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

(бағалаушы сарапшының қолы және мөрі (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

_____ жылғы " ____ " _____

Иеленушінің қолы _____ Осы актіде көрсетілген мүлікті жауапты сақтауға қабылдап алдым. Сақтауға қабылданған мүліктің жойылғаны, жасырылғаны, жоғалғаны, ауыстырылғаны немесе бүлінгені үшін 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 425-бабы бойынша қылмыстық және материалдық жауапкершілік туралы ескертілді. _____ жылғы " ____ " _____ (қолы)

(ұйымның атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы немесе мүлікті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

* Бұл баған мүлікті уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) беруші ұйым алдын ала бағалау жүргізген жағдайда толтырылады.